



BAITURSYNULY  
UNIVERSITY

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ  
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК  
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



# ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

КӨПСАЛАЛЫ  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ  
МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ  
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№ 1  
2026

ISSN 2310-3353



2026 ж., қаңтар, №1 (81)  
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады  
Жылына төрт рет шығады

**Құрылтайшы:** *Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті*

**Бас редактор:** *Куанышбаев С.Б.*, география ғылымдарының докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

**Бас редактордың орынбасары:** *Жарлыгасов Ж.Б.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

*Әлімбаев А.Е.*, философия докторы (PhD), А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Қазақстан.

*Балтабаева А.С.*, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Әдістемелік орталығы» КММ, Қостанай қ., Қазақстан.

*Бережнова Е.В.*, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институты (университеті), Ресей.

*Емин Атасой*, PhD докторы, Улудаг университеті, Бурса қ., Түркия.

*Зоя Микниене*, докторы, (PhD) Литва денсаулық туралы ғылым университеті, Каунас қ., Литва Республикасы.

*Качеев Д.А.*, философия ғылымдарының кандидаты, тарих магистрі, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

*Ксембаева С.К.*, педагогика ғылымдарының кандидаты, «Торайғыров университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

*Лина Анастасова*, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Бургас еркін университеті, Бургас қ., Болгария.

*Медетов Н.А.*, физика-математика ғылымдарының докторы, «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

*Мишулина О.В.*, экономика ғылымдарының докторы, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

*Рахимова Э.Е.*, «№ 1 мектеп-лицей» КММ мұғалімі, «Үздік педагог-2023 жыл», Қостанай қ., Қазақстан.

*Соловьев С.А.*, биология ғылымдарының докторы, Новосібір мемлекеттік экономика және басқару университеті, Ресей.

*Скоруходов Д.М.*, техника ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМББМ, Ресей.

*Скударева Г.Н.*, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университетінің ректоры, Орехово-Зуево қ., Ресей

*Сычева И.Н.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМББМ, Ресей.

*Ташев А.Н.*, экология бойынша биология ғылымдарының кандидаты, орман шаруашылығы университеті, София қ., Болгария.

*Уразбоев Г.У.*, физика-математика ғылымдарының докторы, Ургенч мемлекеттік университеті, Өзбекстан.

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж  
Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.  
Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 07.11.2023 ж.  
Жазылу бойынша индексі 74081

**Редакцияның мекен-жайы:**  
110000, Қостанай қ., Байтұрсынов к., 47  
(Редакциялық-баспа бөлімі)  
Тел.: 8(7142) 51-11-76

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университеті

№1 (81), январь 2026 г.  
Издается с января 2005 года  
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы*

**Главный редактор:** *Куанышбаев С.Б.*, доктор географических наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

**Заместитель главного редактора:** *Жарлыгасов Ж.Б.*, кандидат сельскохозяйственных наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

#### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

*Алимбаев А.Е.*, доктор философии (PhD), Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова, Казахстан.

*Балтабаева А.С.*, директор КГУ «Методический центр» Управления образования Костанайской области, г. Костанай, Казахстан.

*Бережнова Е.В.*, доктор педагогических наук, профессор, Московский государственный институт международных отношений (университет) Министерства иностранных дел Российской Федерации, Россия.

*Емин Атасой*, доктор PhD, Университет Улудаг, г. Бурса, Турция.

*Зоя Микниене*, доктор (PhD), Литовский университет наук здоровья, г. Каунас, Республика Литва.

*Качеев Д.А.*, кандидат философских наук, магистр истории, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

*Ксембаева С.К.*, кандидат педагогических наук, НАО «Торайгыров университет», Казахстан.

*Лина Анастасова*, доктор социологии, Бургасский свободный университет, г. Бургас, Болгария.

*Медетов Н.А.*, доктор физико-математических наук, НАО «Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова», Казахстан.

*Мишулина О.В.*, доктор экономических наук, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

*Рахимова Э.Е.*, учитель, КГУ «Школа-лицей № 1», «Лучший педагог-2023 года», г. Костанай, Казахстан.

*Соловьев С.А.*, доктор биологических наук, Новосибирский государственный университет экономики и управления, Россия.

*Скороходов Д.М.*, кандидат технических наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

*Скударева Г.Н.*, доктор педагогических наук, профессор, ректор Государственного гуманитарно-технологического университета, г. Орехово-Зуево, Россия.

*Сычева И.Н.*, кандидат сельскохозяйственных наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

*Ташев А.Н.*, кандидат биологических наук по экологии, Лесотехнический университет, г. София, Болгария.

*Уразбоев Г.У.*, доктор физико-математических наук, Ургенчский государственный университет, Узбекистан.

Свидетельство о регистрации № 5452-Ж  
выдано Министерством информации Республики Казахстан 17.09.2004 г.  
Переучёт периодического печатного издания 07.11.2023 г.  
Подписной индекс 74081

#### Адрес редакции:

110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынұлы, 47  
(Редакционно-издательский отдел)  
Тел.: 8(7142) 51-11-76

© Костанайский региональный университет  
имени Ахмет Байтұрсынұлы

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ  
ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ И ИСКУССТВО**

ӘОЖ 81'42:398.2(574)

**Мұратқызы, М.,**  
философия докторы (PhD),  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

**ҮЙЛЕНУ ҒҰРПЫ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ КӨРІНІСІ  
(БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ «ҰШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІ)**

**Түйін**

Мақалада үйлену ғұрпы фольклорының көркем мәтіндегі көрінісі Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі негізінде қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде шығармада сипатталатын дәстүрлі үйлену салтына қатысты ғұрыптық әрекеттер мен оларға байланысты тілдік бірліктер алынды. Повестегі үйлену ғұрпы фольклоры авторлық баяндау арқылы халықтық дәстүрдің, отбасылық құндылықтардың және әлеуметтік қатынастардың көркем бейнесін қалыптастыратыны айқындалады. Ғұрыптық элементтер көркем мәтінде салттық сана мен ұрпақ сабақтастығын танытатын маңызды мәдени қабат ретінде сипатталады. Талдау нәтижесінде «Ұшқан ұя» повесіндегі үйлену ғұрпы фольклоры қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымын бейнелейтін көркем-фольклорлық модель ретінде бағаланады.

**Түйінді сөздер:** үйлену ғұрпы, ғұрып фольклоры, көркем мәтін, қазақ фольклоры, «Ұшқан ұя», Бауыржан Момышұлы.

**1 Кіріспе**

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында үйлену ғұрпы отбасы институтының қалыптасуын, ұрпақ жалғастығын және әлеуметтік қатынастардың орнығуын қамтамасыз ететін маңызды мәдени құбылыс болып табылады. Үйлену ғұрыптары ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып жүйесіне сүйеніп, қоғамдағы моральдық-этикалық нормаларды, отбасылық жауапкершілікті және жеке тұлғаның әлеуметтік мәртебесін айқындап отырған. «Фольклор және әдебиет – ұлттық сөз өнерінің екі түрі, екі сатысы. ... Фольклор әдебиеттің төркіні. Оу-баста фольклордан негіз алып, әдебиет алғашқы даму кезеңінде кіндігінен бірден қол үзіп кете алмайды, көп уақытқа дейін соған сүйенеді, содан сусындайды...» [1, 48 б.]. Көркем әдебиетте үйлену ғұрып фольклоры көбіне кейіпкер тағдырын ашатын, әлеуметтік ортаны сипаттайтын және тарихи-мәдени шындықты бейнелейтін маңызды көркемдік құрал қызметін атқарады. Әсіресе мемуарлық-прозалық шығармаларда ғұрыптық көріністер авторлық естелікпен, өмір шындығымен ұштасып, дәстүрлі қоғамның болмысын барынша нанымды түрде көрсетеді. Осы тұрғыдан Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі қазақ халқының отбасылық өміріне, соның ішінде үйлену салттарына қатысты бай дерек ұсынатын көркем туынды ретінде ерекшеленеді.

Осы мақаланың мақсаты – «Ұшқан ұя» повесіндегі үйлену ғұрпы фольклорының көркем мәтіндегі көрінісін жүйелі түрде талдап, оның шығарманың идеялық-мазмұндық құрылымындағы орнын айқындау. Зерттеу барысында үйлену салттарының көркемдік қызметі, кейіпкер психологиясын ашудағы рөлі және дәстүрлі қоғамның отбасылық құндылықтарын бейнелеудегі маңызы қарастырылады. Бұл талдау қазақ әдебиетіндегі ғұрыптық фольклордың көркемдік әлеуетін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

## 2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақалада Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесіндегі Үбиянды ұзату көрінісі талдау нысаны ретінде алынды. Зерттеу материалы ретінде шығармада сипатталған үйлену ғұрпына қатысты эпизодтар, соның ішінде ғұрыптық рәсімдер сипаты қамтылды. Сонымен қатар аталған ғұрыптарға байланысты қолданылған тілдік бірліктер мен көркем баяндау тәсілдері қарастырылды.

Зерттеу барысында негізгі әдіс ретінде мазмұндық талдау қолданылды. Бұл әдіс арқылы повестегі Үбиянды ұзатуға қатысты эпизодтардың идеялық-мазмұндық сипаты айқындалып, олардың кейіпкер тағдырын, отбасылық құндылықтарды және дәстүрлі әлеуметтік қатынастарды бейнелеудегі қызметі анықталды. Сонымен қатар көркем мәтіндегі ғұрыптық әрекеттердің бірізділігі мен олардың кейіпкердің ішкі күйзелісімен байланысы сараланды.

Қосымша әдіс ретінде сипаттамалық талдау пайдаланылып, үйлену ғұрпының жеке-леген элементтері мәтіндік контексте түсіндірілді. Ғұрыптық көріністердің көркемдік қызметін анықтау мақсатында интерпретациялық талдау тәсілі қолданылып, авторлық баяндаудың дәстүрлі салттарды жеткізудегі рөлі қарастырылды. Осы әдістердің жиынтығы Үбиянды ұзату көрінісі арқылы «Ұшқан ұя» повесіндегі үйлену ғұрпының көркем мәтіндегі маңызын кешенді түрде ашуға мүмкіндік берді.

## 3-4 Нәтижелер мен талқылаулар

Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесінде берілген үйлену ғұрпына қатысты көріністер дәстүрлі отбасы ғұрып фольклорының көркем мәтіндегі тірі формаларын сақтай отырып берілген. Автор ғұрыптық әрекеттерді этнографиялық сипаттау деңгейінде қалдырмай, оларды кейіпкер тағдырымен, психологиялық күйімен және әлеуметтік ортадағы қатынастармен тығыз байланыстыра суреттейді. Бұл шығармада ғұрып фольклоры көркем баяндаудың ішкі құрылымына сіңісіп, сюжеттік және мағыналық қызмет атқарады.

Фольклорлық тұрғыдан алғанда, повестегі үйлену салттары өтпелі ғұрыптар жүйесіне жатады. Қыздың бойжеткендік күйден келіндік мәртебеге өтуі бесікқұда, қалыңмал, жаушы, жасау, оң босаға, сыңсу, беташар, отқа май құю, неке қию сияқты бірізді рәсімдер арқылы жүзеге асады. Әрбір ғұрып белгілі бір кезеңді заңдастырып, алдыңғы әлеуметтік күйдің аяқталғанын және жаңа мәртебенің басталғанын білдіреді.

Фольклорлық мәтіндер (бата-тілектер, сыңсу, тойбастар, беташар, неке қиюдағы өлеңді формулалар) шығармада өзгеріссіз, дәстүрлі үлгіде беріледі. Бұл олардың халықтық поэтикасын, формулалық тілін, ырғақтық құрылымын сақтауға мүмкіндік береді. Мұндай жырлар ғұрыптық әрекеттің ажырамас бөлігі ретінде қызмет етіп, сөздің магиялық әрі заңдастырушы күшіне негізделеді. Айтылған сөз бұзылмас уәде, қоғамдық келісім ретінде қабылданады.

Повесте ғұрыптық нормалардың сақталуы мен бұзылуы ерекше мәнге ие. Қалыңдықты қарсы алмау, оң босағада отырған қызға ізет көрсетпеу сияқты жағдайлар дәстүрлі тәртіптің бұзылуы ретінде көрініп, кейіпкердің ішкі күйзелісін күшейтеді. Бұл – ғұрып фольклорының тек сыртқы рәсім емес, адам психологиясына тікелей әсер ететін әлеуметтік тетік екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, шығармада әйел бейнесі отбасы ғұрып фольклоры аясында айқындалады. Үбианның жасау дайындауы, киінуі, шаш өруі, сыңсу айтуы, беташардағы қимылдары – әйелдің дәстүрлі қоғамдағы орны мен міндетін айқындайтын фольклорлық модельдер. Бұл модельдер арқылы әйелдің жаңа ортаға бейімделуі, үлкенге бағынуы, отбасылық жауапкершілікті қабылдауы көркем түрде ашылады.

## Бесік құда.

**Бесік.** 3. ауысп. «Бесік құда балалары бесікте жатқан кезінде атастырылып құда болысқан» [2, 128 б.].

*«Әпкемді Байтана руынан Рұсқылбек Омаров дегенге бесіккерті етіп атастырған екен. Ол сауатсыз, салауаты аздау болып өсіпті. Қыз бой түзеп, ел көзіне көріне бастағанда*

жұрт ішінен «қайран ақтотыдай сайрап тұрған қыз, аузын ашпас білімсізге қор бола ма» деген сыбыстар көбейген. Әкем бата бұзбаймын, серттен кетпеймін, бұйрықтан аса алмаймын, арыма таңба түсірмеймін жеп, әпкемді ұзатқан екен» [3, 43 б.].

Мәтінде көрініс тапқан бесіккертті (бесікқұда) ғұрпы отбасы ғұрып фольклорының ең көне салттарының бірі ретінде бейнеленеді. «Бесіккертті етіп атастырған» деген тіркес арқылы некенің алдын ала, өзгермейтін келісім ретінде қабылданғаны аңғарылады. Повесть мәтінінде бұл ғұрып қыз тағдырына тікелей әсер ететін әлеуметтік тетік ретінде көрініс табады. Әкенің «бата бұзбаймын, серттен кетпеймін, бұйрықтан аса алмаймын, арыма таңба түсірмеймін» деген сөздері көркем мәтінде дәстүрлі қоғамдағы ант пен серттің қасиеттілігі мен әке билігінің мызғымастығын айқындайды. Автор бұл сөздер арқылы отбасы ғұрпының адам санасындағы орны мен оның моральдық салмағын көркем түрде ашады. Сонымен қатар повесть мәтінінде жұрттың «ақтотыдай сайрап тұрған қыз...» деген сыбысы арқылы ғұрып пен қоғамдық сана арасындағы қайшылық көрсетіледі. Бұл көркем деталь дәстүрдің бұлжымас қағидасы мен жеке бақыт арасындағы қақтығысты тереңдетіп, кейіпкердің трагедиялық тағдырын алдын ала аңғартады.

Көркем мәтіннен алынған бұл үзіндіде бесіккертті ғұрпы отбасы ғұрып фольклорының маңызды элементі ретінде бейнеленіп, авторлық баяндау арқылы дәстүрлі қазақ қоғамындағы некелік қатынастардың мәні, әке билігінің үстемдігі және жеке еріктің шектелуі көркем түрде көрсетіледі.

**Қалыңмал.** «Күйеу жағының қалыңдық үшін беретін малы; қалын» [2, 467 б.].

«**Қалыңмал** деген ата-бабамыздың салып кеткен жолы зой. Менің шешеме де қалыңмал төлеген, маған да қалыңмал төледі. Қыздарымның қалыңмалын алып, құтты орнына қондырғанмын, ұлдарыма қалыңмал төлеп, келін түсіргем. **Қалыңмалсыз** өзге босағаны аттаған қызда қандай қасиет бар дейсің? Құны жоқ қызды кім сыйламақ? Ондай қыздарды байлары тегін алып, тегін қуып жібермей ме? Өз аяғымен келіп, өз аяғымен кетті деген сөз болмай ма?» [3, 68 б.].

Қарастырылған мысалда қалыңмал ғұрпы ата-баба жолы ретінде заңдастырылып көрсетіледі. «Ата-бабамыздың салып кеткен жолы» деген тіркес қалыңмалдың кездейсоқ емес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тұрақты дәстүр екенін аңғартады. Көркем мәтінде бұл салт жеке адамның шешімі емес, бүкіл қауым мойындаған норма ретінде баяндалады.

Екіншіден, үзіндіде қалыңмал отбасылық сабақтастық арқылы дәлелденеді: «шешеме де қалыңмал төлеген, маған да қалыңмал төледі». Бұл тіркестер арқылы дәстүрдің өміршеңдігі, бір әулет шеңберінде үзілмей жалғасып келе жатқаны көрінеді. Повесть мәтінінде қалыңмал беру мен алу үйлену ғұрпының ажырамас бөлігі ретінде қабылданады. Қалыңмалға қыз беру ғұрпы қыздың әлеуметтік мәртебесін бекітетін тетік ретінде көрініс табады. «Қалыңмалсыз өзге босағаны аттаған қызда қандай қасиет бар?» деген сұрақ қыздың қадір-қасиеті қалыңмалмен өлшенетін дәстүрлі түсінікті көрсетеді. Бұл көзқарас бойынша қалыңмал – қыздың барған жерінде сыйлы болуына, оның орнын айқындауға қызмет етеді. Мәтінде қалыңмалсыз неке қорғансыздықпен байланыстырылады. «Тегін алып, тегін қуып жібермей ме?» деген тіркес қыз тағдырының тұрақсыз болуын білдіреді. Осы арқылы қалыңмал ғұрпы отбасы ғұрып фольклорында қыздың жаңа әулеттегі құқықтық әрі моральдық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрал ретінде танылады. Берілген мысалда риторикалық сұрақтар мен қатаң пайымдар авторлық баяндауда дәстүрлі дүниетанымның шынайы, боямсыз бейнесін береді. Мұнда қалыңмалға қыз беру салты сынсыз қабылданған норма ретінде көрініп, жеке сезім мен еріктен гөрі қоғамдық тәртіптің үстемдігі алға шығады. Көркем шығарма мәтінінен алынған бұл үзіндіде қалыңмалға қыз беру ғұрпы отбасы ғұрып фольклорының маңызды элементі ретінде бейнеленеді. Қалыңмал салты арқылы дәстүрлі қазақ қоғамындағы некенің әлеуметтік, моральдық және отбасылық мәні ашылып, қыз тағдырының қауымдық тәртіпке тәуелді екені көркем түрде көрсетіледі.

«Әжемнің айтқаны болды. Менің әпкелерімнің бәрі әже жолымен ұзатылып, қалыңмалға сатылды» [3, 70 б.].

Алдымен, «әжемнің айтқаны болды» деген тіркес отбасы ішіндегі үлкеннің сөзі мен тәжірибесінің шешуші рөлін көрсетеді. Отбасы ғұрып фольклорында әже бейнесі – салт-дәстүрді сақтаушы, ұрпаққа жеткізуші тұлға. Көркем мәтінде әженің сөзі заңмен тең қабылданып, қыз тағдырының шешілуіне тікелей ықпал етеді. Екіншіден, «әже жолымен ұзатылып» деген тіркес дәстүрдің әулет ішінде тұрақты модель ретінде қалыптасқанын білдіреді. Бұл жерде қыз ұзату жеке жағдайға байланысты емес, бұрыннан қалыптасқан салттың жалғасы ретінде жүзеге асады. Повесть мәтінінде осылайша некенің ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын ғұрыптық сипаты айқындалады. Үшіншіден, «қалыңмалға сатылды» деген тіркес көркем баяндауда ерекше экспрессивті мәнге ие. Бұл сөз тіркесі қалыңмал салтының адам тағдырына түсіретін ауыр салмағын аңғартады. Авторлық баяндау арқылы дәстүрдің заңдылығы сақталғанымен, оның адамгершілік тұрғыдан қайшылықты тұсы ашылады. Мұнда қыздың жеке еркі ескерілмей, ол әулетаралық келісімнің нысаны ретінде көрінеді. Қыздардың жеке тағдырлары бір үлгіге бағындырылып, ғұрып қоғамдағы тәртіпті сақтаудың құралы ретінде қабылданады. Шығарма мәтінінен алынған бұл сөйлем қалыңмалға қыз беру салтының отбасы ғұрып фольклорындағы орны мен мәнін терең ашады. Әже бейнесі арқылы дәстүрдің сабақтастығы, ал «сатылды» деген бағалауыш сөз арқылы салттың адам тағдырына түсіретін күрделі әсері көркем түрде бейнеленген.

**Жаушы.** «Құда түсер алдында қыздың әке-шешесіне барып, келісімін алып қайтатын адам» [2, 283 б.].

«Мамыттан қол үзгенімізді естіген жұрт тұс-тұстан қыз айттырып, жаушы жіберуді көбейтті» [3, 85 б.].

«Сөйтсем, Балтабай жігітке қыз көрсетіп, қыз ұнаған соң екі ел арасында жаушылыққа жүрген қыз екен. Сол жаушылық парызымен Балтабай ауылға талай келді. Қалыңмал мен кәде жайына дейін сөйлесіпті» [3, 86 б.].

Шығармада «қыз айттырып, жаушы жіберуді көбейтті» деген тіркес жаушының үйлену ғұрпының алғашқы ресми кезеңін білдіретінін көрсетеді. Дәстүрлі қоғамда қыздың атастырылуы немесе бойжетіп, ел көзіне түсуі өзге әулеттер үшін белгі болып, сол сәттен бастап құдалыққа жол салу басталады. Мәтінде жұрттың «тұс-тұстан» жаушы жіберуі қыздың әлеуметтік тұрғыдан лайық, абыройлы деп танылғанын аңғартады. «Екі ел арасында жаушылыққа жүрген» деген тіркес жаушының қызметі жеке адаммен емес, екі әулеттің арасындағы ресми байланыспен байланысты екенін айқындайды. Жаушы – некенің заңды түрде басталуын қамтамасыз ететін, сөзге берік, салтты жетік білетін тұлға. Көркем мәтінде жаушылық «парыз» ретінде бағаланып, оның салттық міндеті айқындалады. Жаушының «талай келуі» үйлену ісінің асығыс емес, бірнеше кезеңмен, байыппен жүргізілетінін көрсетеді. Бұл дәстүрлі некенің маңызды белгісі болып табылады. Жаушы әр келуінде екі жақтың келісімін нақтылап, салт талаптарын сақтауға күш салады. Қалыңмал мен кәде – некенің заңдылығын бекітетін негізгі шарттар, ал оларды жаушы арқылы шешу салттың рәсімдік жүйесін сақтауға бағытталған. Жаушылық арқылы қыз тағдыры ашық түрде, көпшілікке белгілі тәртіппен шешіліп, екі жақтың абыройы мен намысы қорғалады. Ол некенің басталуына дәнекер болып қана қоймай, дәстүрлі қазақ қоғамындағы әулетаралық қатынастарды реттейтін, салттың заңдылығын қамтамасыз ететін негізгі тұлға ретінде көркем түрде ашылған.

**Жасау.** «этн. Ұзатылатын қызға беретін мүлік, дүниелік» [2, 277 б.].

«Көкем базаршы болып, жан-жақтан әпкеме жасау әкеле бастады. Үбиан енді жібік киіп, жүріс-тұрысы өзгеріп, кесте тігуден басқа жұмысқа қол созбайтын болды. Үйіміз ою ойып, өрнек салатын, киім пішіп, кілем тоқитын шеберханаға ұқсайды. Әжем «табақ-аяқ, көрпе-төсек, жасау-жабдығыңды түгендеп, ине-жіпке дейін қалдырмаймын» деп жатыр» [3, 88 б.].

«Жасауымен барған келін – жадырап барған келін» демекші, «жасау әкеле бастады» деген тіркес жасау ғұрпының ұзақ әрі жүйелі дайындықты талап ететінін көрсетеді. Көркем мәтінде көкенің базаршы болып, жан-жақтан жасау жинауы – әке тарапынан қыз тағдырына деген жауапкершіліктің белгісі. Жасау бұл жерде тек тұрмыстық заттардың жиынтығы емес, қыздың барған жеріндегі абыройын айқындайтын маңызды әлеуметтік шарт ретінде көрінеді. Үбианның «*жібек киіп, жүріс-тұрысы өзгеруі*» жасау дайындығымен қатар жүретін әлеуметтік-мәртебелік ауысымды танытады. Қыз бойжеткендік кезеңнен өтіп, болашақ келін ретінде тәрбиелене бастайды. Көркем баяндауда бұл өзгеріс сыртқы бейне арқылы беріледі, яғни киім мен мінез-құлық ғұрыптық мәнге ие болады. «Кесте тігуден басқа жұмысқа қол созбайтын болды» деген сөйлем әйел еңбегінің дәстүрлі үлгісін көрсетеді. Жасау дайындау – қыздың қолөнерге икемін, еңбекқорлығын танытатын сынақ іспетті. Бұл тұрғыда жасау ғұрпы қызды болашақ отбасылық өмірге бейімдейтін тәрбиелік қызмет атқарады. Үйдің «шеберханаға ұқсап кетуі» жасау дайындығының ұжымдық сипатта жүзеге асатынын аңғартады. Бұл тек бір адамның емес, бүкіл отбасы мен туыстардың ортақ ісі. Үй ішіндегі ою ойып, өрнек салу, кілем тоқу көріністері арқылы дәстүрлі тұрмыс пен эстетикалық талғам көркем бейнеленеді. Әжесінің «*ине-жіпке дейін қалдырмаймын*» деуі отбасы ғұрып фольклорындағы толықтық пен молшылық қағидасын білдіреді. Жасау неғұрлым толық болса, қыздың барған жеріндегі тұрмысы да соғұрлым берекелі болады деген сенім көрінеді. Әже бейнесі бұл жерде дәстүрді бақылаушы әрі ұрпаққа жеткізуші тұлға ретінде танылады. Көркем шығармада жасау дайындау арқылы қыздың жаңа әлеуметтік мәртебеге көшуі, отбасының жауапкершілігі, әйел еңбегінің бағалануы және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тұрмыстық-мәдени дәстүрлер көркем түрде ашылған.

**Оң босаға.** «**Оң жақ** этн. – *бойжеткен қыздың ұзатылғанға дейін жүретін туған үйі, төркіні*» [2, 633 б.].

«*Өз үйімнің оң босағасында отырғанда, сонша басынатын мен оның әйелі емеспін әлі*» [3, 89 б.].

«*Аюбайлар тағы жаңылыс басады. Қалыңдық кіргенде күйеу жағы ізет көрсетіп, орнынан тұрып, қызды аялап қарсы алатын салтымыз зой. Аюбайлар абыржып оны да ұмытқан көрінеді. Оң босағада отырған қызға бұдан артық қорлық болсын ба, онсыз да ызаға булығып, келген әпкем лезде такаббарланып кеткен екен. ... Ертеңіне Үбиян әпкем тігілген киім-кешектерін лақтырып, жасауларыншашып қатты ашуланды. Сонан соң мұнайып бір түрлі тұңғиыққа түскендей жүрді. Үй іші басу да айтқан жоқ, ашу да айтқан жоқ*» [3, 92 б.].

Берілген үзіндіде «*Өз үйімнің оң босағасында отырғанда, сонша басынатын мен оның әйелі емеспін әлі*» деген сөйлем оң босағаның ғұрыптық мәртебесін айқын көрсетеді. Оң босағада отырған қыз – өтпелі жағдайда тұрған тұлға: ол әлі келін емес, бірақ бұрынғы еркін бойжеткен мәртебесінен де айырылған. Осы аралық күй қалыңдықтың әлеуметтік тұрғыдан осал, қорғансыз жағдайын білдіреді. Көркем мәтінде бұл жағдай психологиялық қысым ретінде беріледі. Екіншіден, қалыңдықты қарсы алу салтына қатысты эпизодта «*күйеу жағы ізет көрсетіп, орнынан тұрып, қызды аялап қарсы алатын салтымыз зой*» деп нақты дәстүрлік норма аталады. Бұл – отбасы ғұрып фольклорындағы қалыңдықты құрметтеу, оның мәртебесін мойындау белгісі. Ал Аюбайлар тарапынан бұл салттың орындалмауы ғұрыптық тәртіптің бұзылуын білдіреді. «*Оң босағада отырған қызға бұдан артық қорлық болсын ба*» деген авторлық бағалау ғұрыптың бұзылуының салдарын көрсетеді. Мұнда қорлық тек тұрмыстық әрекет емес, ғұрыптық мәртебені жоққа шығару ретінде қабылданады. Дәстүрлі қоғамда мұндай немқұрайлылық қалыңдықтың абыройына нұқсан келтіреді. Үбианның ашу үстінде киім-кешектерін лақтырып, жасауларын шашуы – оның ішкі күйзелісінің көркем көрінісі. Жасау мен киім – қыздың абыройы мен жаңа өмірге дайындығының символы. Оларды шашу арқылы кейіпкер өзінің қорланғанын, рухани күйреуін сыртқа шығарады. Бұл – ғұрыптық заттардың эмоционалдық жүк аркалап тұрғанын көрсететін маңызды

деталь. Қорыта айтқанда, бұл үзінділерде оң босаға, қалыңдықты қарсы алу, ізет көрсету сияқты отбасы ғұрып фольклорының элементтері көркем түрде бейнеленіп, олардың сақталмауы қалыңдықтың психологиялық күйіне қалай әсер ететіні айқын көрсетіледі. Автор ғұрыптық нормалардың бұзылуын жеке адам тағдырымен байланыстыра отырып, дәстүрдің адам өміріндегі маңызын терең әрі әсерлі түрде ашады.

**Сыңсу.** «Сыңсу көне. Ұзатылған қыздың ел-жұртымен ұоштасардағы айтатын жыры; тұрмыс-салт дәстүрлерінің бірі» [2, 763 б.].

*«Ертеңіне таң азанмен қалыңдықтың отауынан Үбианның сыңсыған дауысы естілді. Жеңгелері қыздың қызыл көйлегін шешіп, аппақ көйлек киіндіріп жатыр екен. Қыз дәуренінің соңғы нүктесі қойылғандай сезіле ме, әпкем булығы жылады. Жар-жарға ұқсас бір әнді созып, жылайды»* [3, 109 б.].

Шығармада «*таң азанмен қалыңдықтың отауынан ... сыңсыған дауысы естілді*» деген сөйлем сыңсудың уақыттық және кеңістіктік белгісін нақтылайды. Сыңсу, әдетте, ұзатудың шешуші сәтінде, таң алдында немесе таң ата орындалады. Бұл мезгіл – бір өмір кезеңінің аяқталып, екіншісінің басталуын білдіретін өтпелі уақыт. Отаудан естілген дауыс – қыздың туған үйімен ғана емес, бүкіл өткен өмірімен қоштасуының көрінісі.

Екіншіден, қызыл көйлекті шешіп, аппақ көйлек киіндіру әрекеті сыңсудың ғұрыптық мазмұнын тереңдете түседі. Қызыл түс бойжеткендік, жастық шақ пен еркіндікті білдірсе, ақ көйлек – жаңа өмірге, келіндік мәртебеге өту нышаны. Бұл киім ауыстыру рәсімі сыңсумен қатар жүріп, қыздың әлеуметтік әрі рухани өзгерісін нақтылап көрсетеді.

Үшіншіден, «*Қыз дәуренінің соңғы нүктесі қойылғандай*» деген авторлық пайым сыңсудың психологиялық мәнін айқын ашады. Сыңсу – жай ғана жылау емес, қыздың ішкі жан дүниесіндегі үлкен өзгерісті қабылдау сәті. Мұнда қыздың жеке сезімі мен салт талабынан туындаған міндет бір-бірімен тоғысады.

Төртіншіден, «*булығы жылады*» деген тіркес сыңсудың табиғи, еріксіз эмоцияға негізделетінін көрсетеді. Дәстүрлі ортада қыздың сыңсу айтуы міндетті саналғанымен, оның жылауы жасандылық емес, шынайы ішкі қасіреттің көрінісі ретінде беріледі. Бұл – отбасы ғұрып фольклорында сыңсудың тәрбиелік әрі психологиялық қызмет атқаратынын дәлелдейді.

Бесіншіден, «*Жар-жарға ұқсас бір әнді созып, жылайды*» деген жол сыңсудың жанрлық сипатын көрсетеді. Сыңсу мен жар-жар бір-біріне жақын, екеуі де қоштасу мен ауысу сәтінде айтылатын өлеңдер. Алайда сыңсуда қыздың жеке мұңы басым болса, жар-жарда екі жақтың үнқатысуы басым болады. Мәтінде осы жанрлық жақындық көркем түрде аңғарылады. Берілген үзіндіде сыңсу отбасы ғұрып фольклорының ең сезімге толы, драмалық элементі ретінде көрінеді. Ол қыздың бойжеткендік өмірімен қоштасуын, жаңа ортаға өту алдындағы ішкі күйзелісін және дәстүр талабын қабылдау сәтін көркем түрде бейнелейді. Автор сыңсу арқылы үйлену ғұрпының адам жанына түсіретін салмағын терең әрі нанымды көрсетеді.

**Беташар.** «Жас келінге жаңа туыстардың алыс-жақындығын таныстырып, ізгі тілектер айту дәстүрі» [2, 129 б.].

*«Келін-келін келіп тұр,*

*Келіп үйге еніп тұр.*

*Қайын жұрты алдында*

*Иіліп сәлем беріп тұр»* [3, 112 б.].

Беташар жырының шығарма мәтінінде тікелей берілуі оның фольклорлық табиғатының сақталғанын көрсетеді. Бұл жыр авторлық баяндаудың құрамына сіңісіп кетпей, дербес ғұрыптық мәтін ретінде ұсынылады. Осы арқылы беташар көркем шығармада жай суреттеу емес, нақты орындалған салт ретінде қабылданады. «Келін-келін келіп тұр, Келіп үйге еніп тұр» деген жолдар Үбианның жаңа әлеуметтік кеңістікке енгенін айқын көрсетеді. Бұл сәтте ол әке үйінің қызы емес, енді қайын жұртының мүшесі ретінде қабылдана бастайды. Көркем мәтінде келіннің үйге енуі – тек физикалық әрекет емес, әлеуметтік мәртебенің түбегейлі өзгеруін білдіретін ғұрыптық қадам. Келесі жолдардағы «*Қайын жұрты алдында / Иіліп*

*сәлем беріп тұр»* тіркестері беташардың негізгі мазмұнын ашады. Иіліп сәлем беру – келіннің жаңа әулетке құрмет көрсетуі, үлкендерді мойындауы, өз орнын тануы. Үбиан бейнесі арқылы бұл әрекет салқын рәсім емес, жауапкершілігі ауыр, психологиялық салмағы бар сәт ретінде көрінеді. Бұған дейінгі күйзеліс, сыңсу, оң босағадағы қорлық секілді эпизодтар беташар кезіндегі ішкі ширығуды тереңдете түседі. Беташар жырының құрылымы бұйрықсыз, бірақ нұсқаушы сипатта келеді. Жыр келінді қимылға жетелейді, ал келін сол өлең арқылы өз мінез-құлқын реттейді. Бұл – отбасы ғұрып фольклорына тән ерекшелік. Үбиан да беташар кезінде жеке еркіндігінен гөрі, салт талабына бағына отырып әрекет етеді. Маңыздысы, беташар Үбианның өміріндегі өтпелі кезеңнің аяқталғанын білдіреді. Бұған дейін ол оң босағада отырған қалыңдық болса, беташардан кейін ол толыққанды келін ретінде қабылданады. Осы тұрғыдан беташар – тек таныстыру емес, әлеуметтік заңдастыру рәсімі. Повесть мәтінде бұл салттың маңыздылығы оның нақты мәтінмен берілуі және оған дейінгі ғұрыптармен логикалық сабақтастығы арқылы күшейтіледі. Шығармада берілген беташар жыры Үбианның жаңа өмірге қадам басқан сәтін айқындайтын шешуші ғұрып ретінде көрінеді. Нақты жыр мәтінінің қолданылуы отбасы ғұрып фольклорының көркем шығармадағы тірі қалпын сақтап, келіннің әлеуметтік мәртебесінің түпкілікті өзгеруін, үлкенге құрмет пен әулеттік тәртіпті мойындауын терең әрі нанымды түрде көрсетеді.

#### **Отқа май құю.**

*«Осылайша отқа май құйылып, Үбиан да ошақ иесі болып шыға келді. Келіндерін ел оң босағаға жайғастырып, жагадан дастархан жая бастады»* [3, 118 б.].

Берілген үзінді отбасы ғұрып фольклорындағы «отқа май құю» салты тұрғысынан талдау дәстүрлі қазақ қоғамындағы келіннің жаңа әулетке қабылдану үдерісін терең түсіндіруге мүмкіндік береді. *«Отқа май құйылып»* деген тіркес оттың дәстүрлі дүниетанымадағы киелі мәнін айқындайды. Қазақ ұғымында от – үйдің берекесі, тіршіліктің бастауы, әулеттің үздіксіздігін сақтаушы күш ретінде қабылданады. Отқа май құю – осы киелі ұғымды құрметтеу, ошақтың берекесін арттыруға бағытталған ғұрыптық әрекет. Көркем мәтінде бұл рәсім келіннің жаңа үйдегі өмірінің басталуын білдіретін шешуші сәт ретінде беріледі. Екіншіден, *«Үбиан да ошақ иесі болып шыға келді»* деген сөйлем отқа май құю рәсімінің әлеуметтік-мағыналық нәтижесін көрсетеді. Бұл ғұрып арқылы Үбиан енді бөтен адам емес, отбасының толыққанды мүшесі, үй ішіндегі тұрмыстық және рухани жауапкершілікті мойнына алатын тұлға ретінде танылады. Ошақ иесі атану – келіннің жаңа мәртебесін заңдастыратын символдық акт. Үшіншіден, отқа май құю мен оң босағаға жайғастыру әрекеттерінің қатар берілуі ғұрыптардың өзара сабақтастығын көрсетеді. Оң босаға – келіннің әулетке алғаш қабылданған орнын білдірсе, отқа май құю сол қабылдаудың рухани бекітілуін білдіреді. Осы арқылы келіннің өтпелі кезеңнен өткенін аңғаруға болады [4].

#### **Неке қию рәсімі.**

*«Куәдірміз, куәдірміз,*

*Куәлікке жүрәдірміз.*

*Таңның һақ қасында*

*Ақ куәлік берәдүрмәз – десіп құс қимылмен Аюбайға жеткенше айтып та үлгерді.*

*Аюбайдың алдына келген соң олар тергеуге ала бастады.*

*Момыштан сызған,*

*Рәзиядан туган.*

*Үбиан перизатты адал жар тұтуға ризамысың?*

*Аюбай сәл қызарақтап отырды да ұялғаннан «ризамын» деп мұрнының астынан сөйледі. Куәлер енді осылайша әндедіп Үбианға да жетті.*

*Майлыбайдан сызған,*

*Зылихадан туган*

*Аюбайдай арысқа,*

*Жар болуға ризамысың»* [3, 119 б.].

Берілген мәтінінен арқылы отбасы ғұрып фольклорындағы неке қию рәсімі тұрғысынан талдау дәстүрлі қазақ қоғамындағы некенің құқықтық, діни және әлеуметтік мәнін ашуға мүмкіндік береді. «*Куәдірміз, куәдірміз, / Куәлікке жүрәдірміз*» деп басталуы неке қию рәсімінің куәлікке негізделген сипатын көрсетеді. Дәстүрлі ортада неке тек екі жастың келісімі емес, көпшілік алдында, куәлар қатысуымен бекітілетін қоғамдық акт болып саналған. Куә сөзінің қайталанып келуі рәсімнің салмақтылығын арттырып, айтылған сөздің заңдылығын күшейтеді. «*Таңның нақ қасында / Ақ куәлік берәдүрмәз*» деген жолдар некенің тазалық пен адалдық қағидасына негізделетінін аңғартады. Таң мезгілі – жаңа күннің, жаңа өмірдің басталуын білдіретін қасиетті уақыт. Бұл уақытты таңдаудың өзі неке қиюдың сакралды мәнін күшейтіп, екі жастың одағының ақ ниетпен құрылуын меңзейді. Күйеу мен қалыңдықтың ата-тегімен таныстырылуы («*Момыштан сызған, Рәзиядан туған...*», «*Майлы-байдан сызған, Зылихадан туған...*») неке қиюда тектік сәйкестік пен әулетаралық байланыстың маңызды екенін көрсетеді. Бұл жерде жеке адамдар ғана емес, екі әулеттің бір-біріне қосылғаны жария етіледі. Отбасы ғұрып фольклорында неке – ең алдымен, туыстық қатынастарды кеңейтетін әлеуметтік институт. «*Адал жар тұтуға ризамысың?*» деген сұрақ пен оған берілген «ризамын» жауабы некенің ерікті келісімге негізделгенін білдіреді. Күйеу жігіттің ұялып, даусын бәсеңдетіп жауап беруі – бұл сәттің психологиялық салмағын, жауапкершілігін көрсететін көркем деталь. Сол сияқты сұрақтың қалыңдыққа да қойылуы екі жақтың тең дәрежеде келісім беруін талап ететін ғұрыптық қағиданы танытады. Сұрақ-жауаптың өлеңмен, әндетіп айтылуы неке қию рәсімінің фольклорлық формасын айқын көрсетеді. Бұл – сөздің магиялық күшіне сенумен байланысты. Айтылған сөз көпшілік алдында бекітіліп, бұзылмас уәде ретінде қабылданады.

Қорыта айтқанда, берілген үзіндіде неке қию рәсімі отбасы ғұрып фольклорының ең жауапты әрі заңдастырушы кезеңі ретінде көрінеді. Куәлік, ата-текке сүйену, ерікті келісім және өлеңдік форма арқылы неке екі жастың ғана емес, тұтас әулеттердің одағы ретінде бекітіледі. Автор бұл рәсімді көркем мәтінде нақты фольклорлық үлгіде беру арқылы дәстүрлі қазақ қоғамындағы некенің салттық, әлеуметтік және рухани мәнін терең әрі нанымды түрде бейнелейді.

### 5 Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесінде үйлену ғұрпы фольклоры кездейсоқ этнографиялық суреттеулер түрінде емес, көркем мәтіннің ішкі семантикалық және құрылымдық өзегін құрайтын жүйелі мәдени код ретінде қолданылғанын көрсетті. Талдау барысында төмендегідей негізгі нәтижелер айқындалды:

1. Үйлену ғұрыптарының толық циклдік моделі (*бесікқұда – қалыңмал – жаушы – жасау – оң босаға – отау – қалыңдықты киіндіру – шаш өру – сыңсу – беташар – отқа май құю – неке қию*) көркем мәтінде бірізділікпен беріліп, дәстүрлі қазақ некесінің фольклорлық-семиотикалық жүйесін қалпына келтіреді.

2. Әрбір ғұрыптық әрекет әлеуметтік мәртебе ауысымын (*қыз → қалыңдық → келін → ошақ иесі*) бейнелейтін өтпелі рәсім қызметін атқарады.

3. Ғұрыптық лексика мен формулалар (бата, серт, ризашылық білдіру, куәлік сөздер) көркем баяндауда құқықтық-этикалық норманы бекітуші тілдік механизм ретінде жұмсалған.

4. Сыңсу, беташар, неке қию мәтіндерінің өлеңдік үлгіде берілуі үйлену ғұрпының фольклорлық жанрлық табиғатын сақтай отырып, көркем прозамен синкретті түрде тоғысуын айқындайды.

5. Ғұрыптардың орындалуындағы ауытқулар мен бұзылыстар (қалыңдықты қарсы алмау, ізет көрсетпеу) кейіпкердің психологиялық күйзелісі арқылы дәстүр мен жеке тағдыр арасындағы қайшылықты ашуға қызмет етеді.

Осы нәтижелер үйлену ғұрпы фольклорының көркем мәтінде тек фондық деталь емес, мазмұн түзуші және мағыналық жүк көтеретін құрылым екенін дәлелдейді.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қасқабасов С. Ойөріс. – Алматы: Жібек жолы, 2009. – 303 б.
- 2 Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2014. – 728 б.
- 3 Момышұлы Бауыржан. Ұшқан ұя. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1975. – 384 б.
- 4 Арнольд ван Геннеп. Обряды перехода. Систематическое изучение обрядов. – М., 2002. – 198 с.

**МҰРАТҚЫЗЫ, М.**

#### **СВАДЕБНЫЙ ОБРЯДОВЫЙ ФОЛЬКЛОР В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ (ПОВЕСТЬ БАУЫРЖАНА МОМЫШУЛЫ «ҰШҚАН ҰЯ»)**

*В статье рассматривается отражение свадебного обрядового фольклора в художественном тексте на материале повести «Наша семья» Бауыржана Момышулы. Объектом исследования являются обрядовые действия, связанные с традиционным свадебным обычаем, а также языковые единицы, репрезентирующие их в произведении. Установлено, что свадебный обрядовый фольклор в повести через авторское повествование формирует художественный образ народной традиции, семейных ценностей и социальных отношений. Обрядовые элементы в художественном тексте характеризуются как значимый культурный пласт, отражающий обрядовое сознание и преемственность поколений. В результате анализа свадебный обрядовый фольклор в повести «Наша семья» оценивается как художественно-фольклорная модель, репрезентирующая традиционное мировоззрение казахского народа.*

**Ключевые слова:** свадебный обряд, обрядовый фольклор, художественный текст, казахский фольклор, «Наша семья», Бауыржан Момышулы.

**MURATKYZY, M.**

#### **THE REPRESENTATION OF WEDDING RITUAL FOLKLORE IN A LITERARY TEXT (BASED ON BAURZHAN MOMYSHULY'S NOVELLA «OUR FAMILY»)**

*The article explores the representation of wedding ritual folklore in a literary text based on the novella «My family» by Baurzhan Momyshuly. The object of the study comprises ritual actions related to the traditional wedding ceremony depicted in the work, as well as the linguistic units associated with them. It is demonstrated that wedding ritual folklore in the novella, through authorial narration, shapes an artistic portrayal of folk tradition, family values, and social relations. Ritual elements in the literary text are characterized as an important cultural layer that reflects ritual consciousness and generational continuity. As a result of the analysis, wedding ritual folklore in «My family» is evaluated as an artistic-folkloric model representing the traditional worldview of the Kazakh people.*

**Key words:** wedding ritual, ritual folklore, literary text, Kazakh folklore, «Our Family», Baurzhan Momyshuly.

#### **Автор туралы мәліметтер:**

**Мұратқызы Мира** – философия докторы (PhD), Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Мұратқызы Мира** – доктор философии PhD, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Muratkyzy Mira** – PhD, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

**АВТОРЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА**

«ҚМПИ Жаршысы» журналы педагогика, әлеуметтік-гуманитарлық, физика-математикалық, техникалық, биологиялық, химиялық-технологиялық, экономикалық ғылымдар және экология, халықаралық байланыстар салалары бойынша бұрын жарияланбаған өзекті ізденіс нәтижелері туралы мақалаларды жариялайды.

